# Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Новоселов ауылдық округінің Соснов ауылының шекарасын өзгерту және белгілеу туралы

Қостанай облысы Әулиекөл ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 14 сәуірдегі № 132 және Қостанай облысы Әулиекөл ауданы мәслихатының 2023 жылғы 14 сәуірдегі № 15 бірлескен қаулысы және шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 21 сәуірде № 9977 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 108-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы " Заңының 12-бабы 3) тармақшасына сәйкес Әулиекөл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Әулиекөл аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Новоселов ауылдық округінің Соснов ауылының шекарасына Әулиекөл ауданының ауылшаруашылығы мақсатындағы 910 гектар жерді қосу арқылы, Новоселов ауылдық округінің Соснов ауылының шекарасы өзгертіліп, жалпы көлемі 2770 гектар шекарасында қоса берілген жерлердің экспликациясына сәйкес белгіленсін.

2. Осы бірлескен қаулы және шешім олардың алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың төрағасы* *Д. Койшибаев*

*Әулиекөл ауданының әкімі* *Е. Теменов*

Әулиекөл ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 14 сәуірдегі № 132 бірлескен қаулысы және Әулиекөл аудандық мәслихаттың 2023 жылғы 14 сәуірдегі № 15 шешіміне қосымша

## Әулиекөл ауданы Новоселов ауылдық округінің Соснов ауылының жер экспликациясы

| | Жер бөлу шекарасында ғана беріледі | Оның ішінде, га | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Жайылымдар | | Үй маңындағы жерлер | Барлық ауылшаруашылық алқаптары | Ағаш-бұталы екпелер | Су астында | Жолдар астында | Құрылыстар астында | Бүлінгін жерлер | Басқа жерлер |
| | | | Барлығы | Оның ішінде түбегейлі жақсартылған | | | | | | | | |
| 1 | 2 | 3 | | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| 2003 жылғы жер шаруа | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| шылық құрылымының деректері бойынша | 1860,0 | 1679,0 | - | 15,0 | 1694,0 | 4,0 | 53,0 | 8,0 | 30,0 | - | 71,0 |
| Мемлекеттік жер қоры жерінен Новоселов ауылдық округі Соснов ауылына қосылған жерлері | 910,0 | 819,0 | 363,0 | - | 819,0 | - | 49,0 | 4,0 | - | - | 38,0 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК